

"Каспий теңізінің қазақстандық секторында мұнай операцияларын жүргізу кезінде өндірістік экологиялық мониторингті ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 20 қарашадағы № 132 бүйрүғына өзгеріс енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 26 қыркүйектегі № 429 бүйрүғы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 8 қарашада № 14403 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 шілдедегі № 250 бүйрүғымен.

**ЕскеRTу. Күші жойылды - КР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 14.07.2021 № 250 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.**

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заны 50-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Каспий теңізінің қазақстандық секторында мұнай операцияларын жүргізу кезінде өндірістік экологиялық мониторингті ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 20 қарашадағы № 132 бүйрүғына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілмінде № 10024 болып тіркелген, 2015 жылғы 12 ақпандағы № 28 (28506) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бүйрүқпен бекітілген Каспий теңізінің қазақстандық секторында мұнай операцияларын жүргізу кезінде өндірістік экологиялық мониторингті ұйымдастыру және жүргізу қағидаларында:

көрсетілген Қағидаларға қосымша осы бүйрүқтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрүқты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрүқ мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарында, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға және Қазақстан

Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіrkегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрі

Қ. Бозымбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары -

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мырзахметов

2016 жылғы " "

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2016 жылғы 20 қарашадағы  
№ 132 бұйрығына қосымша  
Каспий теңізінің қазақстандық  
секторында мұнай операцияларын  
жүргізу кезінде өндірістік экологиялық  
мониторингті ұйымдастыру және  
жүргізу  
қағидаларына қосымша

**Өндірістік экологиялық мониторингті жүргізу кезінде анықталатын қоршаған орта компоненттері мен көрсеткіштерінің тізбесі**

1) гидрометеорологиялық параметрлер.

Байқау желдің бағыты мен жылдамдығына, ауа температурасына, ауа райының жай-күйіне (атмосфералық қысым, бұлттылық, атмосфералық жауын-шашын), су бетінің жай-күйіне (толқындардың биіктігі, ағыстар, мұнай қабыршағының, көбіктердің болуы) жүргізледі.

Байқау кезеңділігі: ауа сынамаларын іріктеу кезінде;

2) атмосфералық ауа.

Бақыланатын көрсеткіштер тізбесі: күкірттің, азоттың және көміртегінің қос totықтары, құрамында күкіртсугеі бар көмірсугеі шикізатын бұрғылау және өндіру кезіндегі көмірсугеілер.

Байқау кезеңділігі:

ұзақтылығы бір жылдан аспайтын жеке мұнай операцияларын жүргізу үшін – операцияларға дейін, операциялар кезінде және аяқталғаннан кейін;

Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында үздіксіз өндірістік қызмет кезінде – өндірістік қызметті жоспарлау және одан әрі жүзеге асыру кезеңінен бастап, теңіз ортасына келеңсіз әсерді болдырмау мақсатында, мұзбен жабылған теңіз акваториясында қысқы кезеңдегі мониторингті қоспағанда, жыл сайын (төрт климаттық маусым бойынша) барлық келісімшарт аумағында;

3) теңіз сулары.

Бақыланатын көрсеткіштер тізбесі: тұздылығы, еріген оттегі, pH, Eh, биогенді элементтер, органикалық зат, көміртегі қосындылары, синтетикалық беткі белсенді заттар (анионды беткі белсенді заттар), фенолдар, ауыр металдар (Al, As, Ba, Cd, Cr, Cu, Fe, Hg, Ni, Pb, V, Zn).

Байқау кезеңділігі:

ұзақтылығы бір жылдан аспайтын кейбір мұнай операцияларын жүргізу үшін – операцияларға дейін, операциялар кезінде және аяқталғаннан кейін;

Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында үздіксіз өндірістік жұмыстар кезінде – өндірістік қызметті жоспарлау және одан әрі жүзеге асыру кезеңінен бастап, теңіз ортасына келеңсіз әсерді болдырмау мақсатында, мұзбен жабылған теңіз акваториясында қысқы кезеңдегі мониторингті қоспағанда, жыл сайын (төрт климаттық маусым бойынша) барлық келісімшарт аумағында;

4) су түбінің шөгінділері.

Бақыланатын көрсеткіштер тізбесі: су түбі шөгінділерінің гранулометрлік құрамын анықтау, тотықтырығыш - қалпына келтіргіш әлеует және су түбі шөгінділерінің бір және төрт сантиметр терендіктегі температурасы, pH, органикалық көміртегінің құрамы, ауыр металлдар (Al, As, Ba, Cd, Cr, Cu, Fe, Hg, Ni, Pb, V, Zn), фенолдар, көмірсугеілердің құрамы (көмірсугеілердің жалпы шоғыры, поліароматты көмірсугеілер), микробиологиялық байқаулар:

микроорганизмдердің жалпы санын анықтау, сапрофиттер, актиномицеттер және саңырауқұлақтардың жалпы санын анықтау, микроорганизмдердің биомассасын анықтау, микроорганизмдерді анықтау, мұнайтотықтыратын микроорганизмдерді анықтау.

Байқау кезеңділігі:

ұзақтылығы бір жылдан аспайтын кейбір мұнай операцияларын жүргізу үшін – операцияларға дейін, операциялар кезінде және аяқталғаннан кейін;

Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында үздіксіз өндірістік жұмыстар кезінде – өндірістік қызметті жоспарлау және одан әрі жүзеге асыру кезеңінен бастап, теңіз ортасына келенсіз әсерді болдырмау мақсатында, мұзбен жабылған теңіз акваториясында қысқы кезеңдегі мониторингті қоспағанда, жыл сайын (төрт климаттық маусым бойынша) барлық келісімшарт аумағында;

5) бентос.

Бақыланатын көрсеткіштер тізбесі: организмдердің жалпы саны, түр құрамы (түрлердің саны және тізімі), жалпы биомассасы, түрлердің биомассасы және саны бойынша ұstem болатын негізгі топтар және түрлердің саны, (зообентос түрлерінің сан жағынан басым құрамы).

Байқау кезеңділігі:

ұзақтылығы бір жылдан аспайтын кейбір мұнай операцияларын жүргізу үшін – операцияларға дейін, операциялар кезінде және аяқталғаннан кейін;

Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында үздіксіз өндірістік жұмыстар кезінде – өндірістік қызметті жоспарлау және одан әрі жүзеге асыру кезеңінен бастап, теңіз ортасына келенсіз әсерді болдырмау мақсатында, мұзбен жабылған теңіз акваториясында қысқы кезеңдегі мониторингті қоспағанда, жыл сайын (төрт климаттық маусым бойынша) барлық келісімшарт аумағында;

6) фитопланктон.

Бақыланатын көрсеткіштер тізбесі: фитопланктон жасушаларының жалпы саны, жалпы биомассасы, түр құрамы (түрлердің саны және тізімі), сапробытық деңгейі.

Байқау кезеңділігі:

ұзақтылығы бір жылдан аспайтын кейбір мұнай операцияларын жүргізу үшін – операцияларға дейін, операциялар кезінде және аяқталғаннан кейін;

Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында үздіксіз өндірістік жұмыстар кезінде – өндірістік қызметті жоспарлау және одан әрі жүзеге асыру кезеңінен бастап, теңіз ортасына келенсіз әсерді болдырмау

мақсатында, мұзбен жабылған теңіз акваториясында қысқы кезеңдегі мониторингті қоспағанда, жыл сайын (төрт климаттық маусым бойынша) барлық келісімшарт аумағында;

7) зоопланктон.

Бақыланатын көрсеткіштер тізбесі: организмдердің жалпы саны; түр құрамы (түрлердің саны және тізімі), жалпы биомассасы, сапробтық деңгейі, негізгі топтар және түрлердің саны, негізгі топтар және түрлердің биомассалары.

Байқау кезеңділігі:

Ұзақтылығы бір жылдан аспайтын кейбір мұнай операцияларын жүргізу үшін – операцияларға дейін, операциялар кезінде және аяқталғаннан кейін;

Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында үздіксіз өндірістік жұмыстар кезінде – өндірістік қызметті жоспарлау және одан әрі жүзеге асыру кезеңінен бастап, теңіз ортасына келеңсіз әсерді болдырмау мақсатында, мұзбен жабылған теңіз акваториясында қысқы кезеңдегі мониторингті қоспағанда, жыл сайын (төрт климаттық маусым бойынша) барлық келісімшарт аумағында;

8) су өсімдіктері.

Бақыланатын көрсеткіштер тізбесі: қоғамдастықтардың флористикалық құрамы, қоғамдастықтардағы түрлердің таралу пайызы, су тұбі шөгінділерінің өсімдіктермен проекциялық жамылғысы пайызбен, өсімдіктердің құрылымы (тігінен, көлдененеңінен), өсімдіктердің өзгеру дәрежесі.

Байқау кезеңділігі:

Ұзақтылығы бір жылдан аспайтын кейбір мұнай операцияларын жүргізу үшін – операцияларға дейін, операциялар кезінде және аяқталғаннан кейін;

Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында үздіксіз өндірістік жұмыстар кезінде – өндірістік қызметті жоспарлау және одан әрі жүзеге асыру кезеңінен бастап, теңіз ортасына келеңсіз әсерді болдырмау мақсатында, мұзбен жабылған теңіз акваториясында қысқы кезеңдегі мониторингті қоспағанда, жыл сайын (төрт климаттық маусым бойынша) барлық келісімшарт аумағында;

9) ихтиофауна.

Ихтиологиялық зерттеулер кемінде үш рет аулауды қарастырады.

Бақыланатын көрсеткіштер тізбесі: балықтардың барлық түрлері үшін: ауланатын балықтардың түр құрамы, балық түрлері мен аулау құралдары бойынша тралмен бір рет аулау, балықтардың сирек түрлерінің болуы, өлшемдік құрылымы. Балықтардың кәсіпшілік түрлері үшін (жергілікті ихтиологиялық қоғамдастықтардың көптеген, тұрақты өкілдері) балықтардың жеке биологиялық сипаттамасы ( $Q$  - жалпы масса,  $q$  - ішек-қарынсыз дене массасы,  $L$  - балықтың жалпы ұзындығы,  $\bar{y}$ - құйрық жұзу қанатынсыз балықтың ұзындығы, жынысы,

жас шамасы, жетілу сатысы), жетілудің IV сатысында аналығын ұсташа кезінде абсолютті жеке өсімталдығымен анықталады, сызықты өсу қарқыны, түрдің типтік морфологиялық әлпетінен ауытқуларының (кемтарлықтар) болуы, сыртқы паразиттердің болуы, оларды оқшаулау және саны (тек қана жай көзбен көрінетін паразиттер екенін есепке алу керек), қуыс паразиттерінің болуы, олардың саны мен салмағы.

Байқау кезеңділігі:

ұзақтылығы бір жылдан аспайтын кейбір мұнай операцияларын жүргізу үшін – операцияларға дейін, операциялар кезінде және аяқталғаннан кейін;

Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында үздіксіз өндірістік жұмыстар кезінде – өндірістік қызметті жоспарлау және одан әрі жүзеге асыру кезеңінен бастап, теңіз ортасына келенсіз әсерді болдырмау мақсатында, мұзбен жабылған теңіз акваториясында қысқы кезеңдегі мониторингті қоспағанда, жыл сайын (төрт климаттық маусым бойынша) барлық келісімшарт аумағында;

10) орнитофауна.

Бақыланатын көрсеткіштер тізбесі: түр құрамы (түрлердің саны және тізімі), саны, тұратын орнының сипаттамасы мен зерттелетін аумақта орналасыру ерекшелігі, осы көрсеткіштердің маусымдық және көпжылдық көрсеткіштер динамикасы.

Байқау кезеңділігі:

ұзақтылығы бір жылдан аспайтын кейбір мұнай операцияларын жүргізу үшін – операцияларға дейін, операциялар кезінде және аяқталғаннан кейін;

Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында үздіксіз өндірістік жұмыстар кезінде – өндірістік қызметті жоспарлау және одан әрі жүзеге асыру кезеңінен бастап, теңіз ортасына келенсіз әсерді болдырмау мақсатында, мұзбен жабылған теңіз акваториясында қысқы кезеңдегі мониторингті қоспағанда, жыл сайын (төрт климаттық маусым бойынша) барлық келісімшарт аумағында;

11) итбалықтар.

Бақыланатын көрсеткіштер тізбесі: түрлену саны, тұратын орнының сипаттамасы мен бақыланатын аумақта орналасыру ерекшелігі, табиғи және антропогенді (техногенді) факторлардың әсерімен бұл көрсеткіштердің маусымдық және көпжылдық динамикасы.

Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында үздіксіз өндірістік жұмыстар кезінде – өндірістік қызметті жоспарлау және одан әрі жүзеге асыру кезеңінен бастап, теңіз ортасына келенсіз әсерді болдырмау

мақсатында, мұзбен жабылған теңіз акваториясында қысқы кезеңдегі мониторингті қоспағанда, жыл сайын (төрт климаттық маусым бойынша) барлық келісімшарт аумағында;

12) физикалық факторлар.

Бұргылау жұмыстарын жүргізу кезіндегі радиациялық жағдайды байқау: металл сыйықтарын сақтау учаскелерінде, құрамында мұнайы бар шламды сақтайтын және қабылдайтын учаскелерде, иондаушы сәуле шығару көздері бар жабдықтарды сақтау учаскелерінде.

Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында үздіксіз өндірістік жұмыстар кезінде – өндірістік қызметті жоспарлау және одан әрі жүзеге асыру кезеңінен бастап, теңіз ортасына келеңсіз әсерді болдырмау мақсатында, мұзбен жабылған теңіз акваториясында қысқы кезеңдегі мониторингті қоспағанда, жыл сайын (төрт климаттық маусым бойынша) барлық келісімшарт аумағында.